

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Бейсебай П.Б.

**МАТЕМАТИКА 1 ПӘНІНЕН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ
ҮЛГІЛЕРІ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЖИНАҒЫ**

Оқу құралы

«Alash Book» баспа үйі

Алматы

2024

ӘОЖ 510(075.8)

КБЖ 22.1я73

Б38

Оқу құралы Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің отырысында басылымға ұсынылды (хаттама №15, 29.02.2024 ж.)

Пікір жазғандар:

Адамов А.А. – физика-математика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Математикалық және компьютерлік үлгілеу» кафедрасының профессоры;

Мұхамедиев Ғ.Х. – физика-математика ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті математика кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

Байгереев Д.Р. – PhD, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті Математика кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Бейсебай П.Б.

Б38 Математика 1 пәнінен тест тапсырмаларын орындау үлгілері, әдістері және жинағы: оқу құралы / **П.Б. Бейсебай** – Алматы, Alash Book, 2024. – 456 б.

ISBN978-601-09-6636-9

Оқу құралы «Математика», «Математика 1» пәндері бағдарламасы негізінде 6B05301 - «Қолданбалы химия», 6B05302 - «Бейорганикалық химия», 6B05306 - «Органикалық заттар және полимерлер химиясы», 6B07117 - «Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша және басқа да педагогикалық, инженер-техникалық мамандықтарда оқитын білім алушыларға арналып, қазақ тілінде жазылған.

Аталған жұмыста берілген теориялық мағлұматтар, әрбір мысалдардың толық сарапталған шешімдері студенттердің «Математика», «Математика 1» пәндерінен білім сапасын, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттілігін, қорытынды бақылау түрлеріне даярлықтарын арттыруға арналған.

ӘОЖ 510(075.8)

КБЖ 22.1я73

Бұл басылымға барлық құқықтар «Alash Book» баспа үйіне тиесілі. Авторлық құқық иесінің келісімінсіз кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынады (келісім-шарт №28, 16.05.2024 ж.)

ISBN 978-601-09-6636-9

©Бейсебай П.Б., 2024

©Alash Book, 2024

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 Сызықтық алгебра элементтері (теориялық сұрақтар).....	6
2 Векторлық алгебра және аналитикалық геометрия элементтері (теориялық сұрақтар).....	20
3 Математикалық талдаудың тараулары (теориялық сұрақтар)	36
4 Екінші ретгі анықтауыштың есептеу әдістерін қолданып теңдеуді (теңсіздікті) шешу.....	52
5 Үшінші ретгі анықтауышты есептеу әдістері.....	66
6 Матрицаларды санға көбейту, қосу (азайту), матрицаларды көбейту. Кері матрица.....	86
7 Біртекті сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешу әдістері.....	110
8 Векторлар, оларға қолданылатын қосу (азайту) амалдары.....	129
9 Векторлардың скалярлық, векторлық, аралас көбейтіндісі.....	142
10 Жазықтықтағы түзу теңдеулері, нүктеден түзуге дейінгі арақашықтық, түзулердің қиылысу нүктесі.....	156
11 Жазықтықтағы және кеңістіктегі аналитикалық геометрия....	173
12 Сандық тізбек және функция шектері ($x \rightarrow \infty$).....	188
13 Функцияның шегі ($x \rightarrow a$).....	204
14 Бірінші және екінші тамаша шектер. Шексіз аз және шексіз үлкен функциялардың эквиваленттілігі.....	219
15 Функцияның туындысы.....	237
16 Айқындалмаған және параметрлік түрде берілген функциялардың туындысы.....	256
17 Функцияны зерттеу.....	272
18 Интегралды айнымалыны дифференциалтаңбасының астына енгізу және айнымалыны ауыстыру арқылы табу әдісі.....	288
19 Интегралды бөліктеп интегралдау әдісі.....	311
20 Анықталған интегралды Ньютон – Лейбниц формуласымен есептеу.....	332
21 Анықталған интегралдың қолданбалары.....	350
22 Комплекс сандар (теориялық сұрақтар).....	373
23 Комплекс сандарға қолданылатын көбейту және бөлу амалдары.....	390
24 Комплекс сандардың тригонометриялық, көрсеткіштік пішіндері.....	409
25 Комплекс сандарды дәрежелену және түбірлерін табу.....	442
Әдебиеттер.....	455

КІРІСПЕ

Заман талабына сай педагогикалық, техникалық мамандарды даярлауда әрбір оқу пәнінің өзіндік орны ерекше, соның ішінде математикалық білімнің маңызы өте зор. Студенттер жалпы теориялық және арнайы инженерлік пәндерді меңгеруі үшін инженерлік есептерді орындауда тәжірибе жинақтай келе, іргелі ғылымдар жетістіктерін пайдаланып, химия, физика, сызба геометриясының негіздерімен танысып, математикалық ойлау қабілеті мен логикасын дамытуы тиіс.

Математикалық білім бере отырып алдымызға қояр негізгі мақсатымыз – бүгінгі таңда өмір, қоғам талабына сай кәсіби мамандық алуына қажетті белгілі математикалық білім жүйесін қолдана білетін, экономикалық, нарықтық қатынасты тереңнен түсінетін, жаңаша ойлау қабілеті бар, саяси ахуалды, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Математика 1 пәнінен тест тапсырмаларын орындау үлгілері, әдістері және жинағы» оқу құралы «Математика», «Математика 1» пәндерінің бағдарламасына және математика бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жазылып, сызықтық және векторлық алгебра элементтері, жазықтықтағы және кеңістіктегі аналитикалық геометрия, математикалық талдау тарауларын қамтиды.

Ұсынылып отырған оқу құралының 1-3, 21 тараулары «Математика», «Математика 1» пәндерінің мазмұнын толық қамтитын теориялық сұрақтардан және 4-20, 22-25 тараулары тест есептерінен құралған, әрі әр тарауда 50 сұрақтан берілген, оның тек бір жауабы дұрыс деп саналады.

Кредиттік технология жүйесімен оқытуда студенттердің өзіндік жұмысына көп сағат бөлінген. Студент өзінің алған теориялық білімін практикада, өзіндік жұмыстарды орындауға қолдана білуі тиіс.

Жоғары оқу орындарына арналған жоғары математика пәні бойынша қазақ тілінде жарық көрген дәрістер және тәжірибелік жаттығулар жинағы бар болғанымен, өзіндік жұмыстарды орындауға арналған есептер жинағы жоқтың қасы. Әрі бұл оқу құралы үлгерімі төмен немесе белгілі себептермен сабақ босатқан немесе үлгерімі бойынша қосымша семестрге қалдырылған студенттер үшін де өте ыңғайлы құрал. Көбінесе орыс тілінде

басылған оқулықтар қолданылып келді. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілге, оның ішінде ұлттық ғылыми тілді қалыптастыру қажеттілігі мемлекеттік деңгейге көтерілген кезде, оқулықтардың қай түрі болмасын мемлекеттік тілде жазылуы тиіс.

Сондықтанда бұл оқу құралы педагогикалық, инженер-техникалық мамандықтарда оқитын білім алушыларға арналып шығарылып отыр.

Автор ұсынған оқу құралын оқып шығып, өзінің сын-пікірлерін білдірген оқытушы - ғалымдарға, атап айтсақ, физика-математика ғылымдарының докторлары, профессор А.А. Адамовқа және физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Ғ.Х. Мұхамедиевке, PhD докторы, доцент Д.Р. Байгереевке өз ризашылықтарын білдіреді.

1 СЫЗЫҚТЫҚ АЛГЕБРА ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Бұл тараудағы теориялық сұрақтар «Математика», «Математика 1» пәндерінің «Матрицалар, олардың түрлері, амалдар қолдану», «Екінші, үшінші және n-ретті анықтауыштар, қасиеттері және есептеу әдістері», «Матрицаның рангісі. Сызықтық біртекті және біртексіз алгебралық теңдеулер жүйесі, шешу әдістері» тақырыптарын қамтиды. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған теориялық сұрақтар берілген.

1.1 Тест тапсырмалары

1. $\begin{pmatrix} a_1 \\ a_2 \\ a_3 \end{pmatrix} \cdot (b_1 \ b_2 \ b_3)$ көбейтіндісінен шығатын матрицаның

жазылуын көрсетіңіз.

A) $(a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3)$

B) $\begin{pmatrix} a_1b_1 & a_1b_2 & a_1b_3 \\ a_2b_1 & a_2b_2 & a_2b_3 \\ a_3b_1 & a_3b_2 & a_3b_3 \end{pmatrix}$

C) $\begin{pmatrix} a_1b_1 + a_1b_2 + a_1b_3 \\ a_2b_1 + a_2b_2 + a_2b_3 \\ a_3b_1 + a_3b_2 + a_3b_3 \end{pmatrix}$

D) $\begin{pmatrix} a_1b_1 + a_2b_1 + a_3b_1 \\ a_1b_2 + a_2b_2 + a_3b_2 \\ a_1b_3 + a_2b_3 + a_3b_3 \end{pmatrix}$

E) $(a_1b_3 + a_2b_2 + a_3b_1)$

2. Кез келген ретті анықтауыштың екі жолының немесе екі бағанасының орындарын ауыстырса, анықтауыштың ...

A) таңбасы өзгермейді

B) реті өзгереді

C) таңбасы ғана өзгереді

D) мәні өзгермейді

Е) реті өзгермейді

3. Бірдей бағаналары немесе жолдары бар анықтауыштың мәні келесі санға тең болады:

А) 0

В) 1

С) 5

Д) 6

Е) 4

4. Егер анықтауыштың белгілі бір бағанасының (жолының) элементтеріне басқа бағанасының (жолының) элементтерін бір санға көбейтіп қосса, онда анықтауыштың ...

А) реті өзгереді

В) мәні өзгереді

С) таңбасы өзгереді

Д) мәні өзгермейді

Е) реті өзгермейді

5. Егер анықтауыштың элементтері қандай да бір функциялар болса, онда оның анықтауышы ... болуы мүмкін.

А) функция немесе сан

В) тек функция

С) тек нөлден айрықша сан

Д) тек сан

Е) тек нөл саны

6. $m \times n$ өлшемді матрица деп

$$A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{m1} & a_{m2} & \dots & a_{mn} \end{pmatrix} = (a_{ij}),$$

түріндегі m жол мен n бағаннан тұратын тіктөртбұрышты кестені айтамыз, мұндағы a_{ij} - ... деп аталады.

А) матрицаның элементі

В) матрицаның анықтауышы

С) матрицаның миноры

- D) матрицаның рангісі
- E) матрицаның алгебралық толықтауышы

7. Элементтерінің барлығы нөлге тең матрица ... деп аталады.

- A) нөлдік матрица
- B) қарама-қарсы матрица
- C) ауыстырымды матрица
- D) үшбұрышты матрица
- E) эквивалентті матрица

8. Бірдей өлшемді матрицалардың қосындысы деп олардың ... матрицаны айтамыз.

- A) сәйкес элементтерінің орындарын ауыстыруынан тұратын
- B) сәйкес элементтерінің қосындыларынан тұратын
- C) сәйкес элементтерінің айырмаларынан тұратын
- D) сәйкес элементтерінің көбейтіндісінен тұратын
- E) сәйкес элементтерінің қатынасынан тұратын

9. Матрицаларды қосу және матрицаны санға көбейту амалдарының қасиеттерінің қайсысы дұрыс берілмеген?

- A) $A + O = O + A = A$
- B) $A + B = B + A$
- C) $(A + B) + C = A + (B + C)$
- D) $A - A = E$
- E) $\alpha(\beta A) = (\alpha\beta)A$

10. Матрицаларды қосу және матрицаны санға көбейту амалдарының қасиеттерінің қайсысы дұрыс көрсетілмеген?

- A) $A + O = O + A = O$
- B) $A + B = B + A$
- C) $(A + B) + C = A + (B + C)$
- D) $A - A = O$
- E) $\alpha(\beta A) = (\alpha\beta)A$

11. $-A$ матрицасы A матрицасына ... деп аталады.

- A) қарама-қарсы матрица
- B) нөлдік матрица

- C) ауыстырымды матрица
- D) үшбұрышты матрица
- E) эквивалентті матрица

12. n ретті анықтауыштың a_{ij} элементінің миноры деп

- A) диагональдық элементтерінің көбейтіндісіне тең санды айтады
- B) i -ші жолын және j -ші бағанасын сызғаннан пайда болған $(n-1)$ ретті матрицаны айтамыз
- C) i ретті анықтауыштың i -ші жолын және j -ші бағанасын сызғаннан пайда болған $(n-1)$ ретті анықтауышты айтамыз
- D) i ретті анықтауыштың i -ші жолын және j -ші бағанасын сызғаннан пайда болған $(-1)^{i+j}$ таңбасымен алынған $(n-1)$ ретті анықтауышты айтамыз
- E) j ретті анықтауыштың i -ші бағанасын және i -ші жолын сызғаннан пайда болған $(n-1)$ ретті анықтауышты айтамыз

13. A квадраттық матрица айрықша (ерекше) деп аталады, егер

- A) $A \cdot A^{-1} = E$
- B) $|A| \neq 0$
- C) $|A| = 0$
- D) $A \cdot A^{-1} \neq E$
- E) $|A| = 1$

14. A – сызықты теңдеулер жүйесінің айнымалыларының алдындағы коэффициенттерінен құралған матрица, ал B – жүйенің кеңейтілген матрицасы болсын. Сызықты теңдеулер жүйесі үйлесімді болуы үшін қажетті және жеткілікті шартты көрсетіңіз.

- A) $\text{rang}A > \text{rang}B$
- B) $\text{rang}A < \text{rang}B$
- C) $\text{rang}A = \text{rang}B$
- D) $\text{rang}A \neq \text{rang}B$
- E) $\text{rang}A - \text{rang}B = -1$

15. Бас диагональ элементтерінен басқа элементтері нөлге тең квадраттық матрица ... деп аталады.

- A) диагональдық матрица
- B) қарама-қарсы матрица
- C) нөлдік матрица
- D) ауыстырымды матрица
- E) эквивалентті матрица

16. Сызықты теңдеулер жүйесі анықталған деп аталады, егер оның

- A) шексіз көп шешімі болса
- B) жалғыз шешімі болса
- C) анықтауышы нөлге тең болса
- D) не шексіз көп шешімі бар, не шешімі жоқ болса
- E) шешімі жоқ болса

17. матрицасына A^{-1} кері матрица деп аталады, егер төмендегі теңдік орындалса (E – бірлік матрица):

- A) $AE = A^{-1}$
- B) $A^{-1}A = A^{-1}$
- C) $A^{-1}E = A$
- D) $A^{-1}A = E, \det A \neq 0$
- E) $A^{-1}A = A$

18. Бірлік матрица дегеніміз не?

- A) Барлық элементтері 1-ге тең тіктөртбұрыштық матрица
- B) Барлық элементтері -1-ге тең квадраттық матрица
- C) Анықтауышы 1-ге тең квадраттық матрица
- D) Бас диагональ бойындағы элементтері 1-ге тең, ал қалған элементтері 0-ге тең квадраттық матрица
- E) Көмекші диагональ бойындағы элементтері 1-ге тең, ал қалған элементтері 0-ге тең квадраттық матрица

19. Алгебралық толықтауыш үшін дұрыс теңдікті көрсетіңіз.

- A) $A_{ij} = -M_{ij}$
- B) $A_{ij} = M_{ij}$
- C) $A_{ij} = (-1)^{i+j} M_{ij}$

D) $A_{ij} = (-1)^i M_{ij}$

E) $A_{ij} = (-1)^j M_{ij}$

20. Егер анықтауыштың жол (бағана) элементтерінің барлығы нөлге тең болса, онда анықтауыш

A) > 0

B) < 0

C) $= 0$

D) < 1

E) > 1

21. A матрицасының элементтерін олардың алгебралық толықтауыштарымен ауыстырғанда пайда болған матрицаны матрицасының ...деп атаймыз.

A) көмекші матрицасы

B) диагональдық матрицасы

C) бірлік матрицасы

D) үшбұрышты матрицасы

E) ауыстырымды матрицасы

22. Үш айнымалысы бар үш сызықты теңдеулер жүйесі не шексіз көп шешімі бар, не шешімі жоқ болады, егер оның матрицасының анықтауышы

A) нөлге тең болса

B) нөлге тең емес болса

C) бірге тең болса

D) бірден үлкен болса

E) бірден кіші болса

23. Үш айнымалысы бар үш сызықты теңдеулер жүйесінің шешімі болмайды, егер оның матрицасының анықтауышы

A) нөлге тең емес болса

B) нөлге тең болса

C) бірге тең болса

D) бірден үлкен болса

E) бірден кіші болса

24. Егер A және B матрицаларының бірін екіншісінен оған қарапайым түрлендірулер қолдану арқылы алуға болса, онда A, B матрицалары ... деп аталады.

- A) нөлдік матрицалар
- B) ауыстырымды матрицалар
- C) жоғары үшбұрышты матрицалар
- D) төменгі үшбұрышты матрицалар
- E) эквивалентті матрицалар

25. Қай жағдайда A және B матрицаларының көбейтіндісі бар болады?

- A) $A(3 \times 1) \cdot B(1 \times 2)$
- B) $A(3 \times 1) \cdot B(2 \times 3)$
- C) $A(3 \times 1) \cdot B(3 \times 2)$
- D) $A(2 \times 3) \cdot B(2 \times 3)$
- E) $A(1 \times 3) \cdot B(1 \times 2)$

26. Матрицаны тасымалдау дегеніміз не?

- A) Матрицажолынбағанағаалмастыру
- B) Кері матрицаны анықтау
- C) Көмекші матрицаны анықтау
- D) Матрица анықтаушы несептеу
- E) Кеңейтілген матрицаның рангісін есептеу

27. Егер қандай да бір жолдың (бағанасының) барлық элементтерін k санына көбейтсек, онда анықтауыштың мәні

- A) бірге тең
- B) бірден үлкен санға тең
- C) нөлге тең
- D) алтыға тең
- E) k ($k \neq 0$) санына көбейтіледі

28. Егер анықтауыштың жолдарын (бағаналарын) сәйкес бағаналарымен (жолдарымен) алмастырсақ, анықтауыштың мәні

- A) өзгермейді
- B) таңбасын өзгертеді
- C) нөлге тең

D) бірге тең

E) санына санына кемиді

29. $E = \begin{pmatrix} 1 & 0 & \dots & 0 \\ 0 & 1 & \dots & 0 \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & \dots & 1 \end{pmatrix}$ түріндегі матрица ... деп аталады.

A) диагональдық матрица

B) бірлік матрица

C) жоғары үшбұрышты матрица

D) төменгі үшбұрышты матрица

E) ауыстырымды матрица

30. Егер $A \cdot B$ және $B \cdot A$ көбейтінділері табылып, әрі $A \cdot B = B \cdot A$ болса, онда A және B матрицалары ... деп аталады.

A) нөлдік матрицалар

B) ауыстырымды матрицалар

C) жоғары үшбұрышты матрицалар

D) төменгі үшбұрышты матрицалар

E) бірлік матрицалар

31. $A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & a_{n2} & \dots & a_{nn} \end{pmatrix}$ квадраттық матрицасының $a_{1n}, a_{2n-1}, \dots, a_{n1}$

элементтері ... деп аталады.

A) бас диагональ элементтері

B) қосалқы диагональ элементтері

C) жол элементтері

D) бағана элементтері

E) бос мүшелері

32. $A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ 0 & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & \dots & a_{nn} \end{pmatrix}$ квадраттық (текше) матрицасы ... деп

аталады.

- A) бірлік матрица
- B) жоғарғы үшбұрышты матрица
- C) нөлдік матрица
- D) ауыстырымды матрица
- E) төменгі үшбұрышты матрица

33. $C = \begin{pmatrix} c_{11} & 0 & \dots & 0 \\ c_{21} & c_{22} & \dots & 0 \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ c_{n1} & c_{n2} & \dots & c_{nn} \end{pmatrix}$ квадраттық (текше) матрицасы ... деп

аталады.

- A) жоғарғы үшбұрышты матрица
- B) бірлік матрица
- C) төменгі үшбұрышты матрица
- D) ауыстырымды матрица
- E) нөлдік матрица

34. $A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & a_{n2} & \dots & a_{nn} \end{pmatrix}$ матрицасының A^{-1} кері матрицасы

қай формуламен есептеледі?

A) $A^{-1} = \frac{1}{\det A} \cdot \begin{pmatrix} A_{11} & A_{12} & \dots & A_{1n} \\ A_{21} & A_{22} & \dots & A_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ A_{n1} & A_{n2} & \dots & A_{nn} \end{pmatrix}$

$$B) A^{-1} = \frac{1}{\det A} \cdot E$$

$$C) A^{-1} = \begin{pmatrix} A_{11} & A_{21} & \dots & A_{n1} \\ A_{12} & A_{22} & \dots & A_{n2} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ A_{1n} & A_{2n} & \dots & A_{nn} \end{pmatrix}$$

$$D) A^{-1} = \frac{1}{\det A} \cdot \begin{pmatrix} A_{11} & A_{21} & \dots & A_{n1} \\ A_{12} & A_{22} & \dots & A_{n2} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ A_{1n} & A_{2n} & \dots & A_{nn} \end{pmatrix}$$

$$E) A^{-1} = E \cdot \begin{pmatrix} A_{11} & A_{12} & \dots & A_{1n} \\ A_{21} & A_{22} & \dots & A_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ A_{1n} & A_{2n} & \dots & A_{nn} \end{pmatrix}$$

35. Матрицасының рангісі деп нөлден айрықша осы матрицаның ... айтамыз.

- A) ең үлкен ретін
- B) ең үлкен элементін
- C) ең кіші элементін
- D) анықтаушының ең үлкен ретін
- E) минорының ең үлкен ретін

36. Егер бірдей өлшемді екі матрицаның сәйкес элементтері тең болса, онда матрицалар деп аталады.

- A) диагональдық матрицалар
- B) квадраттық матрицалар
- C) үшбұрышты матрицалар
- D) тең матрицалар
- E) тасымалданған матрицалар

37. Матрицаны рангісі оны тасымалдағаннан өзгере ме?

- A) өзгермейді
- B) нөлге тең болады

41. Тек бір бағанадан тұратын $B(n, 1) = \begin{pmatrix} b_1 \\ b_2 \\ \dots \\ b_n \end{pmatrix}$ матрицасын ... деп

атаймыз.

- A) баған-матрица
- B) жол-матрица
- C) квадраттық матрица
- D) диагональдық матрица
- E) тасымалданған матрица

42. $\bar{A} = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} & b_1 \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} & b_2 \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{m1} & a_{m2} & \dots & a_{mn} & b_m \end{pmatrix}$ берілген $\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + \dots + a_{1n}x_n = b_1 \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + \dots + a_{2n}x_n = b_2 \\ \dots \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + \dots + a_{mn}x_n = b_m \end{cases}$

жүйесінің ... деп атаймыз.

- A) кеңейтілген матрицасы
- B) жүйенің матрицасы
- C) тасымалданған матрицасы
- D) белгісіздер матрицасы
- E) бос мүшелер матрицасы

43. $A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & a_{13} \\ a_{21} & a_{22} & a_{23} \\ a_{31} & a_{32} & a_{33} \end{pmatrix}$ матрицасының анықтаушы неге тең?

- A) $a_{11}a_{22}a_{33} + a_{12}a_{23}a_{31} + a_{13}a_{21}a_{32} - a_{13}a_{22}a_{31} - a_{12}a_{21}a_{33} - a_{11}a_{23}a_{32}$
- B) $a_{11}a_{22}a_{33} + a_{12}a_{23}a_{31} + a_{13}a_{21}a_{32} + a_{13}a_{22}a_{31} + a_{12}a_{21}a_{33} + a_{11}a_{23}a_{32}$
- C) $a_{11}a_{22}a_{33} - a_{12}a_{23}a_{31} + a_{13}a_{21}a_{32} - a_{13}a_{22}a_{31} + a_{12}a_{21}a_{33} - a_{11}a_{23}a_{32}$
- D) $a_{11}a_{22}a_{33} - a_{12}a_{23}a_{31} - a_{13}a_{21}a_{32} - a_{13}a_{22}a_{31} - a_{12}a_{21}a_{33} - a_{11}a_{23}a_{32}$
- E) $a_{11}a_{22}a_{33} - a_{12}a_{23}a_{31} - a_{13}a_{21}a_{32} - a_{13}a_{22}a_{31}$

44. A квадраттық матрицасы қайтымды немесе ерекше емес матрица деп аталады, егер

- A) $A \cdot A^{-1} = E$

- B) $\det A \neq 0$
- C) $\det A = 0$
- D) $A \cdot A^{-1} \neq E$
- E) $\det A = 1$

45. Тек бір жолдан тұратын $A(1, m) = (a_1 \ a_2 \ \dots \ a_m)$ матрицасын ... деп атаймыз:

- A) баған-матрица
- B) жол-матрица
- C) квадраттық матрица
- D) диагональдық матрица
- E) тасымалданған матрица

46. $A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & a_{n2} & \dots & a_{nn} \end{pmatrix}$ квадраттық матрицасының $a_{11}, a_{22}, \dots, a_{nn}$

бірдей индексті элементтері ... деп аталады.

- A) бас диагональ элементтері
- B) қосалқы диагональ элементтері
- C) жол элементтері
- D) бағана элементтері
- E) бос мүшелері

47. Сызықты теңдеулер жүйесі біртекті деп аталады, егер

- A) жүйенің бос мүшесінің біреуі нөлге тең болмаса
- B) жүйенің бос мүшесінің біреуі нөлге тең болса
- C) жүйенің бос мүшесінің барлығы нөлге тең болса
- D) жүйенің бос мүшесінің барлығы бірге тең болса
- E) жүйенің тек бір ғана бос мүшесі бірге тең болса

48. $\begin{vmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{vmatrix}$ екінші ретті анықтаушының есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $a_{11}a_{22} - a_{12}a_{21}$
- B) $a_{11}a_{12} - a_{21}a_{22}$

C) $a_{12}a_{21} - a_{11}a_{22}$

D) $a_{11}a_{21} - a_{12}a_{22}$

E) $a_{22}a_{21} - a_{11}a_{12}$

49. Дұрыс теңдікті таңдаңыз.

A) $k \begin{pmatrix} a & b \\ c & d \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} ka & kb \\ kc & kd \end{pmatrix}$

B) $\begin{pmatrix} a & b \\ c & d \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} ka & kb \\ c & d \end{pmatrix}$

C) $k \begin{pmatrix} a & b \\ c & d \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} a & b \\ kc & kd \end{pmatrix}$

D) $k \begin{pmatrix} a & b \\ c & d \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} \frac{a}{k} & \frac{b}{k} \\ \frac{c}{k} & \frac{d}{k} \end{pmatrix}$

E) $\begin{pmatrix} a & kb \\ c & kd \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} ka & kb \\ c & d \end{pmatrix}$

50. Егер матрицаның жол және бағана сандары өзара тең болса, онда матрица деп аталады.

A) диагональдық матрица

B) квадраттық матрица

C) үшбұрышты матрица

D) бірлік матрица

E) тасымалданған матрица

2 ВЕКТОРЛЫҚ АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Бұл тараудағы теориялық сұрақтар «Математика», «Математика 1» пәндерінің «Векторлық алгебра және аналитикалық геометрия элементтері» тараулары тақырыптарын қамтиды. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған теориялық сұрақтар берілген.

2.1 Тест тапсырмалары

1. $\frac{x-x_1}{l_1} = \frac{y-y_1}{m_1} = \frac{z-z_1}{n_1}$ және $\frac{x-x_2}{l_2} = \frac{y-y_2}{m_2} = \frac{z-z_2}{n_2}$ түзулерінің

параллельдік шартын көрсетіңіз.

A) $l_1 l_2 + m_1 m_2 = 0$

B) $l_1 m_1 + l_2 m_2 = 0$

C) $\frac{l_1}{l_2} = \frac{m_1}{m_2} = \frac{n_1}{n_2}$

D) $l_1 l_2 + m_1 m_2 + n_1 n_2 = 0$

E) $l_1 l_2 = n_1 n_2$

2. \vec{a} , \vec{b} , \vec{c} векторларынан тұрғызылған параллелепипедтің көлемін есептеу формуласын көрсетіңіз.

A) $V = |\vec{a} \cdot \vec{b} \cdot \vec{c}|$

B) $V = |(\vec{a} + \vec{b}) \cdot \vec{c}|$

C) $V = |\vec{a} \cdot (\vec{b} - \vec{c})|$

D) $V = \frac{1}{3} |\vec{a} \cdot \vec{b} \cdot \vec{c}|$

E) $V = \frac{3}{4} |\vec{a} \cdot \vec{b} \cdot \vec{c}|$

3. \vec{a} және \vec{b} векторлары ортогональ болады, егер олардың скалярлық көбейтіндісі

- A) нөлге тең болса
- B) нөлге тең емес болса
- C) бірге тең болса
- D) бірден үлкен болса
- E) бірден кіші болса

4. және векторлары коллинеар болады, егер олардың векторлық көбейтіндісі

- A) нөлге тең болса
- B) нөлге тең емес болса
- C) бірге тең болса
- D) бірден үлкен болса
- E) бірден кіші болса

5. $\frac{x-x_0}{l_1} = \frac{y-y_0}{m_1} = \frac{z-z_0}{n_1}$ және $\frac{x-x_0}{l_2} = \frac{y-y_0}{m_2} = \frac{z-z_0}{n_2}$ түзулерінің

перпендикулярлық шартын көрсетіңіз.

- A) $l_1 l_2 = m_1 m_2$
- B) $l_1 m_1 + l_2 m_2 = 0$
- C) $\frac{l_1}{l_2} = \frac{m_1}{m_2}$
- D) $l_1 l_2 + m_1 m_2 + n_1 n_2 = 0$
- E) $l_1 l_2 = n_1 n_2$

6. Берілген $M_o(x_o; y_o)$ нүктесінен $\vec{a}(a_x; a_y)$ векторына параллель жүргізілген түзудің теңдеуі

- A) $Ax + By + C = 0$
- B) $\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$
- C) $A(x-x_o) + B(y-y_o) = 0$
- D) $y = kx + b$
- E) $\frac{x-x_0}{a_x} = \frac{y-y_0}{a_y}$

7. $\vec{a} = (x_1; y_1; z_1)$ және $\vec{b} = (x_2; y_2; z_2)$ векторларының перпендикуляр болу шартын көрсетіңіз.

A) $\frac{x_2}{x_1} = \frac{y_2}{y_1} = \frac{z_2}{z_1}$

B) $x_1x_2 + y_1y_2 + z_1z_2 = 0$

C) $x_1y_1z_1 + x_2y_2z_2 = 0$

D) $x_1y_1 + x_2y_2 + z_1z_2 = 0$

E) $x_1y_1 - x_2y_2 - z_1z_2 = 0$

8. $Ax + By + C = 0$ түзуінің бұрыштық коэффициентін анықтаңыз.

A) $\frac{C}{B}$

B) $\frac{A}{B}$

C) $\frac{B}{A}$

D) $-\frac{A}{B}$

E) $-\frac{B}{A}$

9. $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесінен $Ax + By + Cz + D = 0$ жазықтығына дейінгі арақашықтықты есептейтін формуланы көрсетіңіз.

A) $Ax_0 + By_0 + Cz_0 + D$

B) $|Ax_0 + By_0 + Cz_0 + D|$

C) $\frac{Ax_0 + By_0 + Cz_0 + D}{A^2 + B^2 + C^2}$

D) $\frac{|Ax_0 + By_0 + Cz_0 + D|}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2}}$

E) $\frac{Ax_0 + By_0 + Cz_0 + D}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2}}$

10. $x = x_0 + lt$, $y = y_0 + mt$, $z = z_0 + nt$ түзуі мен $Ax + By + Cz + D = 0$ жазықтығының параллельдік шартын көрсетіңіз.

- A) $\frac{A}{l} = \frac{B}{m} = \frac{C}{n}$
B) $A + B + C = l + m + n$
C) $Al + Bm + Cn = 0$
D) $Al + Bm + Cn = 1$
E) $A(x_0 + lt) = B(y_0 + mt) = C(z_0 + nt)$

11. $A_1x + B_1y + C_1z + D_1 = 0$ және $A_2x + B_2y + C_2z + D_2 = 0$ жазықтықтарының параллельдік шартын көрсетіңіз.

- A) $A_1A_2 + B_1B_2 = 0$
B) $A_1 + B_1 = \frac{A_1B_1}{2}$
C) $\frac{A_1}{A_2} = \frac{B_1}{B_2} = \frac{C_1}{C_2}$
D) $A_1 = \frac{1}{A_2}$
E) $\frac{A_1 + A_2}{B_1 + B_2} = 2$

12. _____ және _____ жазықтықтарының жазықтықтарының перпендикулярлық шартын көрсетіңіз.

- A) $\frac{A_1}{A_2} = \frac{B_1}{B_2}$
B) $A_2 = \frac{1}{A_1}$
C) $2A_1A_2 + 3B_1B_2 = 0$
D) $A_1A_2 + B_1B_2 + C_1C_2 = 0$
E) $\frac{A_1 + A_2}{B_1 + B_2} = 2$

13. Түзудің бұрыштық коэффициентімен берілген теңдеуін көрсетіңіз.

- A) $Ax + By + C = 0$
 B) $\frac{x - x_1}{x_2 - x_1} = \frac{y - y_1}{y_2 - y_1}$
 C) $A(x - x_0) + B(y - y_0) = 0$
 D) $y = kx + b$
 E) $\frac{x}{a} + \frac{y}{b} = 1$

14. $\vec{a} = (x_1; y_1; z_1)$ және $\vec{b} = (x_2; y_2; z_2)$ векторларының коллинеарлық шартын көрсетіңіз.

- A) $x_1 + y_1 + z_1 = x_2 + y_2 + z_2$
 B) $\frac{x_1}{x_2} + \frac{y_1}{y_2} + \frac{z_1}{z_2} = 0$
 C) $\frac{x_1}{x_2} = \frac{y_1}{y_2} = \frac{z_1}{z_2}$
 D) $x_1 x_2 + y_1 y_2 + z_1 z_2 = 0$
 E) $x_1 \cdot y_1 \cdot z_1 + x_2 \cdot y_2 \cdot z_2 = 0$

15. \vec{a}, \vec{b} және \vec{c} векторларының компланарлық шартын көрсетіңіз.

- A) $\vec{a} \times \vec{b} \times \vec{c} = 0$
 B) $(\vec{a} \times \vec{b}) \cdot \vec{c} = 0$
 C) $(\vec{a} \times \vec{b}) \cdot \vec{c} = 1$
 D) $\vec{a} \times \vec{b} + \vec{a} \times \vec{c} = 0$
 E) $\vec{a} \times \vec{b} + \vec{b} \times \vec{c} = 0$

16. $\vec{a}(a_x; a_y; a_z)$ векторының бағыттаушы косинустарын есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $\cos \alpha = \frac{a_x}{|\vec{a}|}, \cos \beta = \frac{a_y}{|\vec{a}|}, \cos \gamma = \frac{a_z}{|\vec{a}|}$
 B) $\cos \alpha = \frac{a_x}{|\vec{a}|}, \cos \beta = \frac{a_y}{|\vec{a}|}, \cos \gamma = \frac{a_z}{|\vec{a}|}$

$$C) \cos \alpha = \frac{a_y}{|\vec{a}|}, \quad \cos \beta = \frac{a_y}{|\vec{a}|}, \quad \cos \gamma = \frac{a_y}{|\vec{a}|}$$

$$D) \cos \alpha = \frac{a_z}{|\vec{a}|}, \quad \cos \beta = \frac{a_z}{|\vec{a}|}, \quad \cos \gamma = \frac{a_z}{|\vec{a}|}$$

$$E) \cos \alpha = \frac{1}{|\vec{a}|}, \quad \cos \beta = \frac{1}{|\vec{a}|}, \quad \cos \gamma = \frac{1}{|\vec{a}|}$$

17. \vec{a}, \vec{b} векторларынан құралған үшбұрыштың ауданын өрнектейтін формуланы көрсетіңіз.

$$A) S = \vec{a} \cdot \vec{b}$$

$$B) S = \frac{1}{2} |\vec{a} \cdot \vec{b}|$$

$$C) S = \frac{1}{6} |\vec{a} \cdot \vec{b}|$$

$$D) S = \frac{1}{2} |\vec{a} \times \vec{b}|$$

$$E) S = |\vec{a} \times \vec{b}|$$

18. \vec{a}, \vec{b} векторлары және $\varphi = \left(\vec{a}, \vec{b} \right)$ берілген. Олардың

скалярлық көбейтіндісі деп

$$A) \vec{c} = \vec{a} \cdot \vec{b} \text{ векторын айтады}$$

$$B) c = \vec{a} \cdot \vec{b} \cdot \cos \varphi \text{ санын айтады}$$

$$C) \vec{c} = |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \cdot \cos \varphi \text{ векторын айтады}$$

$$D) c = |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \cdot \cos \varphi \text{ санын айтады}$$

$$E) c = |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \text{ санын айтады}$$

19. $\vec{a} = (x_1; y_1; z_1)$ және $\vec{b} = (x_2; y_2; z_2)$ векторлары берілген.

Олардың векторлық көбейтіндісі деп

$$A) \vec{c} = |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \cdot \cos \varphi \text{ векторын айтады}$$

$$B) \vec{c} = \begin{vmatrix} \vec{i} & \vec{j} & \vec{k} \\ x_1 & y_1 & z_1 \\ x_2 & y_2 & z_2 \end{vmatrix} \text{ векторын айтады}$$

- C) $c = \vec{a} \times \vec{b}$ санын айтады
- D) $c = \vec{a} \cdot \vec{b}$ санын айтады
- E) $\vec{a} \cdot \vec{b} = x_1x_2 + y_1y_2 + z_1z_2$ санын айтады

20. $\vec{a} = (x_1; y_1; z_1)$ және $\vec{b} = (x_2; y_2; z_2)$ векторлары берілген. Олардың скалярлық көбейтіндісі келесі формуламен есептеледі:

- A) $\vec{a} \cdot \vec{b} = x_1x_2 + y_1y_2 + z_1z_2$
- B) $\vec{a} \cdot \vec{b} = x_1x_2 - y_1y_2 - z_1z_2$
- C) $\vec{a} \cdot \vec{b} = \sqrt{x_1x_2 + y_1y_2 + z_1z_2}$
- D) $\vec{a} \cdot \vec{b} = \sqrt{x_1x_2 - y_1y_2 - z_1z_2}$
- E) $\vec{a} \cdot \vec{b} = (x_1x_2)^2 + (y_1y_2)^2 + (z_1z_2)^2$

21. $Ax + By + Cz + D = 0$ теңдеуі $A = 0$ болғанда қандай жазықтықты анықтайды?

- A) OX өсіне параллель жазықтықты
- B) OY өсіне параллель жазықтықты
- C) OZ өсіне параллель жазықтықты
- D) YOZ жазықтығына параллель жазықтықты
- E) OZ өсіне перпендикуляр жазықтықты

22. _____ теңдеуі $A = 0$ және $B = 0$ болғанда қандай жазықтықты анықтайды?

- A) XOY жазықтығына параллель жазықтық
- B) YOZ жазықтығына параллель жазықтық
- C) XOZ жазықтығына параллель жазықтық
- D) OX өсіне перпендикуляр жазықтық
- E) OY өсіне перпендикуляр жазықтық

23. Нөлден өзгеше үш вектор компланар болғанда олардың

- A) аралас көбейтіндісі бірге тең
- B) аралас көбейтіндісі төртке тең
- C) аралас көбейтіндісі нөлге тең
- D) аралас көбейтіндісі екіге тең
- E) аралас көбейтіндісі үшке тең

24. Өзара перпендикуляр емес $y = \kappa_1 x + b_1$, $y = \kappa_2 x + b_2$ түзулерінің арасындағы бұрышты қай формула бойынша анықтаймыз?

A) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{\kappa_2 - \kappa_1}{\kappa_2 + \kappa_1}$

B) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{\kappa_2 - \kappa_1}{\kappa_2 \kappa_1}$

C) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{\kappa_2 - \kappa_1}{1 + \kappa_2 \kappa_1}$

D) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{\kappa_2 - \kappa_1}{1 - \kappa_2 \kappa_1}$

E) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{\kappa_2 \kappa_1}{\kappa_2 + \kappa_1}$

25. $y = \kappa_1 x + b_1$, $y = \kappa_2 x + b_2$ түзулерінің параллельдік шартын көрсетіңіз.

A) $\kappa_1 \kappa_2 = -1$

B) $\kappa_1 = -\kappa_2$

C) $\kappa_1 = \kappa_2$

D) $\kappa_1 = \frac{1}{\kappa_2}$

E) $\kappa_1 + \kappa_2 = 0$

26. $A(x_1; y_1)$ және $B(x_2; y_2)$ нүктелері берілген. \overline{AB} векторының ұзындығын (модулын) есептеу формуласын көрсетіңіз.

A) $|\overline{AB}| = \sqrt{(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2}$

B) $|\overline{AB}| = \sqrt{(x_2 + x_1)^2 + (y_2 + y_1)^2}$

C) $|\overline{AB}| = \sqrt{x_2 \cdot x_1^2 + y_2 \cdot y_1^2}$

D) $|\overline{AB}| = \sqrt{\left(\frac{x_2}{x_1}\right)^2 + \left(\frac{y_2}{y_1}\right)^2}$

Е) $|\overline{AB}| = \sqrt{(y_2 - x_1)^2 + (y_2 - x_1)^2}$

27. Егер векторлар коллинеар, ұзындықтары тең және бірдей бағытталған болса, онда олар ... векторлар деп аталады.

- А) компланар
- В) бірлік
- С) нөлдік
- Д) тең
- Е) коллинеар

28. $\vec{a} = \overline{AB}$ векторының l өсіне түсірілген проекциясын көрсетіңіз.

- А) $np_l \vec{a} = |\vec{a}| \operatorname{tg} \varphi$
- В) $np_l \vec{a} = |\vec{a}| \sin \varphi$
- С) $np_l \vec{a} = |\vec{a}| \cos \varphi$
- Д) $np_l \vec{a} = \cos \varphi$
- Е) $np_l \vec{a} = |\vec{a}|$

29. \vec{a} және \vec{b} векторларының арасындағы бұрыштың косинусы неге тең?

- А) $\cos \varphi = \frac{\vec{a} \cdot \vec{b}}{|\vec{a}| |\vec{b}|}$
- В) $\cos \varphi = \frac{\vec{a}}{|\vec{a}| |\vec{b}|}$
- С) $\cos \varphi = \frac{\vec{a}}{|\vec{a}|}$
- Д) $\cos \varphi = \frac{\vec{b}}{|\vec{b}|}$
- Е) $\cos \varphi = \frac{1}{|\vec{a}| |\vec{b}|}$

30. Қабырғалары және векторларынан құралған параллелограммның ауданын есептеу формуласын көрсетіңіз.

A) $S = 2|\vec{a} \times \vec{b}|$

B) $S = \frac{1}{2}|\vec{a} \times \vec{b}|$

C) $S = \vec{a} \times \vec{b}$

D) $S = |\vec{a} \times \vec{b}|$

E) $S = \vec{a} \cdot \vec{b}$

31. $A_1x + B_1y + C_1z + D_1 = 0$ және $A_2x + B_2y + C_2z + D_2 = 0$ жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңыз.

A) $\cos \varphi = \frac{A_1A_2 + B_1B_2 + C_1C_2}{\sqrt{A_1^2 + B_1^2 + C_1^2} \cdot \sqrt{A_2^2 + B_2^2 + C_2^2}}$

B) $\cos \varphi = \frac{A_1A_2 + B_1B_2 + C_1C_2}{\sqrt{A_1^2 + B_1^2 + C_1^2}}$

C) $\cos \varphi = \frac{A_1A_2 + B_1B_2 + C_1C_2}{\sqrt{A_2^2 + B_2^2 + C_2^2}}$

D) $\cos \varphi = \frac{|A_1A_2 - B_1B_2 - C_1C_2|}{\sqrt{A_1^2 + B_1^2 + C_1^2} \cdot \sqrt{A_2^2 + B_2^2 + C_2^2}}$

E) $\cos \varphi = \frac{A_1A_2 + B_1B_2 + C_1C_2}{\sqrt{A_1^2 - B_1^2 - C_1^2} \cdot \sqrt{A_2^2 - B_2^2 - C_2^2}}$

32. Жазықтықтың нормаль теңдеуін көрсетіңіз.

A) $\frac{x}{a} + \frac{y}{b} + \frac{z}{c} = 1$

B) $x \cos \alpha + y \sin \beta + z \cos \gamma - p = 0$

C) $\begin{vmatrix} x - x_1 & y - y_1 & z - z_1 \\ x_2 - x_1 & y_2 - y_1 & z_2 - z_1 \\ x_3 - x_1 & y_3 - y_1 & z_3 - z_1 \end{vmatrix} = 0$

D) $Ax + By + Cz + D = 0$

Е)
$$\frac{x - x_0}{l} = \frac{y - y_0}{m} = \frac{z - z_0}{n}$$

33. Бір түзудің бойында немесе параллель түзулердің бойында жататын векторлар ... деп аталады.

- А) компланар
- В) тең
- С) коллинеар
- Д) бірлік
- Е) нөлдік

34. Егер $\vec{a}, \vec{b}, \vec{c}$ векторлары бір жазықтықта жатса не параллель жазықтықтарда орналасқан болса, онда олар ... векторлар деп аталады.

- А) бірлік
- В) тең
- С) коллинеар
- Д) компланар
- Е) нөлдік

35. \vec{b} векторының \vec{a} векторына түсірілген проекциясын есептеу формуласын көрсетіңіз.

- А) $np_a \vec{b} = \frac{|\vec{a}||\vec{b}|}{\vec{a} \cdot \vec{b}}$
- В) $np_a \vec{b} = \frac{\vec{a} \cdot \vec{b}}{|\vec{b}|}$
- С) $np_a \vec{b} = \frac{\vec{a} \cdot \vec{b}}{|\vec{a}||\vec{b}|}$
- Д) $np_a \vec{b} = \vec{a} \cdot \vec{b}$
- Е) $np_a \vec{b} = \frac{\vec{a} \cdot \vec{b}}{|\vec{a}|}$

36. Өзінің сандық мәндерімен қатар бағытымен бірге анықталатын векторлық шаманы табыңыз.

- A) ұзындық
- B) аудан
- C) көлем
- D) күш
- E) жұмыс

37. Параллель көшіруде вектор сақталады. Себебі

- A) ұзындық та, бағыт та сақталады
- B) тек ұзындық сақталады
- C) тек бағыт сақталады
- D) ұзындық та, бағыт та сақталмайды
- E) тек бұрыш сақталады

38. Қандай векторлар қарама-қарсы векторлар деп аталады?

- A) ұзындықтары бірдей, бағыттары қарама-қарсы векторлар
- B) ұзындықтары бірдей векторлар
- C) бағыттары қарама-қарсы векторлар
- D) бағыттары бірдей векторлар
- E) ұзындықтары әртүрлі векторлар

39. $\vec{a}(a_x; a_y; a_z)$ векторының ұзындығының (модулінің) есептелу формуласы:

- A) $|\vec{a}(a_x; a_y; a_z)| = \sqrt{a_x + a_y + a_z}$
- B) $|\vec{a}(a_x; a_y; a_z)| = \sqrt{a_x^2 + a_y^2 + a_z^2}$
- C) $|\vec{a}(a_x; a_y; a_z)| = \sqrt{a_x^2 - a_y^2 - a_z^2}$
- D) $|\vec{a}(a_x; a_y; a_z)| = \sqrt{a_x + (a_y - a_z)}$
- E) $|\vec{a}(a_x; a_y; a_z)| = \sqrt{a_x \cdot a_y \cdot a_z}$

40. $Ax + By + Cz + D = 0$ теңдеуі $C = 0$ болғанда қандай жазықтықты анықтайды?

- A) OY өсіне параллель жазықтықты
- B) OX өсіне параллель жазықтықты
- C) YOZ жазықтығына параллель жазықтықты
- D) OZ өсіне параллель жазықтықты
- E) OZ өсіне перпендикуляр жазықтықты

41. Бағыты векторының бағытымен бағытас бірлік вектор \vec{a} векторының ... деп аталады?

- A) орты (бірлік векторы)
- B) нөлдік векторы
- C) қарама-қарсы векторы
- D) бағытас векторы
- E) тең векторы

42. $\vec{a}(x; y; z)$ векторының $\vec{i}, \vec{j}, \vec{k}$ орттарына жіктелуін көрсетіңіз.

- A) $\vec{a}(x; y; z) = \sqrt{x^2 + y^2 + z^2}$
- B) $\vec{a}(x; y; z) = x\vec{i} + y\vec{j} + z\vec{k}$
- C) $\vec{a}(x; y; z) = x\vec{i} - y\vec{j} - z\vec{k}$
- D) $\vec{a}(x; y; z) = x\vec{i} \cdot y\vec{j} \cdot z\vec{k}$
- E) $\vec{a}(x; y; z) = \sqrt{x\vec{i} + y\vec{j} + z\vec{k}}$

43. $M_1(x_1; y_1; z_1), M_2(x_2; y_2; z_2), M_3(x_3; y_3; z_3)$ нүктелері арқылы өтетін жазықтықтың теңдеуін көрсетіңіз.

A) $A(x - x_0) + B(y - y_0) + C(z - z_0) = 0$

B) $\frac{x}{a} + \frac{y}{b} + \frac{z}{c} = 1$

C)
$$\begin{vmatrix} x - x_1 & y - y_1 & z - z_1 \\ x_2 - x_1 & y_2 - y_1 & z_2 - z_1 \\ x_3 - x_1 & y_3 - y_1 & z_3 - z_1 \end{vmatrix} = 0$$

D)
$$\begin{vmatrix} x_1 & y_1 & z_1 \\ x_2 & y_2 & z_2 \\ x_3 & y_3 & z_3 \end{vmatrix} = 0$$

E)
$$\begin{cases} A_1x + B_1y + C_1z + D_1 = 0 \\ A_2x + B_2y + C_2z + D_2 = 0 \end{cases}$$

44. Жазықтықтың кесіндідегі теңдеуін көрсетіңіз.

A) $A(x - x_0) + B(y - y_0) + C(z - z_0) = 0$

B) $\frac{x}{a} + \frac{y}{b} + \frac{z}{c} = 1$

C)
$$\begin{vmatrix} x - x_1 & y - y_1 & z - z_1 \\ x_2 - x_1 & y_2 - y_1 & z_2 - z_1 \\ x_3 - x_1 & y_3 - y_1 & z_3 - z_1 \end{vmatrix} = 0$$

D)
$$\begin{vmatrix} x_1 & y_1 & z_1 \\ x_2 & y_2 & z_2 \\ x_3 & y_3 & z_3 \end{vmatrix} = 0$$

E)
$$\begin{cases} A_1x + B_1y + C_1z + D_1 = 0 \\ A_2x + B_2y + C_2z + D_2 = 0 \end{cases}$$

45. $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесі арқылы $\vec{n}(A; B; C)$ векторына перпендикуляр өтетін жазықтықтың теңдеуі

A) $A(x - x_0) + B(y - y_0) + C(z - z_0) = 0$

B) $\frac{x}{a} + \frac{y}{b} + \frac{z}{c} = 1$

C)
$$\begin{vmatrix} x - x_1 & y - y_1 & z - z_1 \\ x_2 - x_1 & y_2 - y_1 & z_2 - z_1 \\ x_3 - x_1 & y_3 - y_1 & z_3 - z_1 \end{vmatrix} = 0$$

D)
$$\begin{vmatrix} x_1 & y_1 & z_1 \\ x_2 & y_2 & z_2 \\ x_3 & y_3 & z_3 \end{vmatrix} = 0$$

E)
$$\begin{cases} A_1x + B_1y + C_1z + D_1 = 0 \\ A_2x + B_2y + C_2z + D_2 = 0 \end{cases}$$

46. $\frac{x-x_0}{l} = \frac{y-y_0}{m} = \frac{z-z_0}{n}$ түзуі мен $Ax + By + Cz + D = 0$ жазықтығының арасындағы бұрышты табыңыз.

A) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{Al + Bm + Cn}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2} \cdot \sqrt{l^2 + m^2 + n^2}}$

B) $\cos \varphi = \frac{Ax_0 + By_0 + Cz_0}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2} \cdot \sqrt{x_0^2 + y_0^2 + z_0^2}}$

C) $\sin \varphi = \frac{Al + Bm + Cn}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2} \cdot \sqrt{l^2 + m^2 + n^2}}$

D) $\operatorname{tg} \varphi = \frac{Al + Bm + Cn}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2} \cdot \sqrt{l^2 + m^2 + n^2}}$

E) $\sin \varphi = \frac{Al + Bm + Cn}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2} + \sqrt{l^2 + m^2 + n^2}}$

47. $\vec{i}, \vec{j}, \vec{k}$ векторларының координаталарын көрсетіңіз?

A) $\vec{i} = \{1; 0; 0\}, \vec{j} = \{0; 1; 0\}, \vec{k} = \{0; 0; 1\}$

B) $\vec{i} = \{0; 0; 1\}, \vec{j} = \{1; 0; 0\}, \vec{k} = \{0; 0; 1\}$

C) $\vec{i} = \{1; 0; 0\}, \vec{j} = \{0; 0; 1\}, \vec{k} = \{1; 0; 0\}$

D) $\vec{i} = \{0; 1; 0\}, \vec{j} = \{1; 0; 0\}, \vec{k} = \{0; 0; 1\}$

E) $\vec{i} = \{0; 1; 0\}, \vec{j} = \{0; 0; 1\}, \vec{k} = \{0; 1; 0\}$

48. $\frac{x}{a} + \frac{y}{b} = 1$ теңдеуімен берілген сызық ненің теңдеуін білдіреді?

A) эллипс

B) гиперболола

C) парабола

D) түзу

E) шеңбер

49. Жазықтықта $M_1(x_1; y_1)$ және $M_2(x_2; y_2)$ екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін көрсетіңіз

A) $Ax + By + C = 0$

- B) $\frac{x - x_1}{x_2 - x_1} = \frac{y - y_1}{y_2 - y_1}$
- C) $A(x - x_0) + B(y - y_0) = 0$
- D) $y - y_0 = k(x - x_0)$
- E) $\frac{x - x_0}{l} = \frac{y - y_0}{m}$

50. $Ax + By + Cz + D = 0$ теңдеуі $B = 0$ болғанда қандай жазықтықты анықтайды?

- A) OY өсіне параллель жазықтықты
- B) OX өсіне параллель жазықтықты
- C) OZ өсіне параллель жазықтықты
- D) YOZ жазықтығына параллель жазықтықты
- E) OZ өсіне перпендикуляр жазықтықты

3 МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ТАРАУЛАРЫ

Бұл тараудағы теориялық сұрақтар «Математика», «Математика 1» пәндерінің «Математикалық талдауға кіріспе. Функция, оның берілу тәсілдері», «Сандық тізбек және функцияның шектері. Функцияның үзіліссіздігі және үзіліс нүктелері», «Бір айнымалы функцияны дифференциалдау және интегралдау» тақырыптарын қамтиды. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған теориялық сұрақтар берілген.

3.1 Тест тапсырмалары

1. Барлық жинақты тізбек....

- A) шектелген
- B) шексіз аз
- C) шексіз үлкен
- D) өспелі
- E) кемімелі

2. Егер $\forall x_1, x_2 \in D, x_1 < x_2 \Rightarrow f(x_1) < f(x_2)$ болса, онда функция

- A) өседі
- B) кемиді
- C) шектелген
- D) шектелмеген
- E) кемімейді

3. Егер $\forall x_1, x_2 \in D, x_1 < x_2 \Rightarrow f(x_1) > f(x_2)$ болса, онда функция

- A) өседі
- B) кемиді
- C) шектелген
- D) шектелмеген
- E) кемімейді

4. $f(x)$ функциясы a нүктесінің қандайда бір аймағында анықталған болсын. Егер кез келген $\varepsilon > 0$ үшін

$0 < |x - a| < \delta$ теңсіздігін қанағаттандыратын кез келген x үшін $|f(x) - A| < \varepsilon$ теңсіздігін қанағаттандыратын $\delta > 0$ табылса, онда

- A) $\lim_{x \rightarrow a} f(x) = A$
- B) $\lim_{x \rightarrow A} f(x) = a$
- C) $\lim_{x \rightarrow a} f(x) = 0$
- D) $\lim_{x \rightarrow A} f(x) = 0$
- E) $\lim_{x \rightarrow a} f(x) = a$

5. Егер $y = f(x)$ функциясы x_0 нүктесінде дифференциалданатын болса, онда ол осы нүктеде

- A) үзіліссіз
- B) өспелі
- C) кемімелі
- D) үзілісті
- E) нөлге тең

6. $f(x)$ функциясы x_0 нүктесінде екі рет дифференциалданатын және $f'(x_0) = 0$ болсын. Онда функциясының x_0 нүктесінде локальді максимумы болады, егер

- A) $f''(x_0) < 0$
- B) $f''(x_0) > 0$
- C) $f''(x_0) = 0$
- D) $f''(x_0) \leq 1$
- E) $f''(x_0) \geq 1$

7. $y_1 = f(x)$ және $y_2 = g(x)$ функциялары $x \rightarrow a$ эквивалентті болады, егер

- A) $\lim_{x \rightarrow a} \frac{f(x)}{g(x)} = 0$
- B) $\lim_{x \rightarrow a} f(x) = \lim_{x \rightarrow a} g(x)$
- C) $\lim_{x \rightarrow a} (f(x) + g(x)) = 0$
- D) $\lim_{x \rightarrow a} (f(x) - g(x)) = 0$

E) $\lim_{x \rightarrow a} \frac{f(x)}{g(x)} = 1$

8. Бірінші тамаша шекті көрсетіңіз.

A) $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{\sin x}{x} = 1$

B) $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{\sin x}{x} = 0$

C) $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{\cos x}{x} = -1$

D) $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{\operatorname{ctg} x}{x} = 1$

E) $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{\cos x}{x} = 0$

9. Екінші тамаша шекті көрсетіңіз.

A) $\lim_{x \rightarrow \infty} \left(1 + \frac{1}{x}\right)^x = e$

B) $\lim_{x \rightarrow \infty} \left(1 + \frac{1}{x}\right)^x = 1$

C) $\lim_{x \rightarrow \infty} \left(1 + \frac{1}{x}\right)^x = -1$

D) $\lim_{x \rightarrow \infty} \left(1 + \frac{1}{x}\right)^x = -e$

E) $\lim_{x \rightarrow \infty} \left(1 + \frac{1}{x}\right)^{\frac{1}{x}} = e$

10. Егер $y = f(x)$ функциясы қандай да бір x_0 нүктесінде үзілісті болса, онда x_0 нүктесі ... деп аталады.

A) функцияның үзіліс нүктесі

B) экстремум нүктесі

C) минимум нүктесі

D) максимум нүктесі

E) жинақтылық нүктесі

11. $y = f(x)$ функциясының x нүктесіндегі туындысы $f'(x)$ деп белгіленіп, қай формуламен көрсетіледі?

A) $\lim_{\Delta x \rightarrow 1} \frac{f(x + \Delta x) - f(x)}{\Delta x}$

B) $\lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta x}{f(x + \Delta x) - f(x)}$

C) $\lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{f(x + \Delta x) + f(x)}{\Delta x}$

D) $\lim_{\Delta x \rightarrow \infty} \frac{f(x + \Delta x) - f(x)}{\Delta x}$

E) $\lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{f(x + \Delta x) - f(x)}{\Delta x}$

12. Егер $y = f(x)$ функциясының $y = kx + b$ көлбеу асимптотасы болса, онда k келесі формуламен есептеледі:

A) $k = \lim_{x \rightarrow +\infty} \frac{f(x)}{x}$ немесе $k = \lim_{x \rightarrow -\infty} \frac{f(x)}{x}$

B) $k = \lim_{x \rightarrow 0} \frac{f(x)}{x}$

C) $k = \lim_{x \rightarrow \infty} \frac{f(x)}{x^2}$

D) $k = \lim_{x \rightarrow \infty} \frac{f(x)}{x^3}$

E) $k = \lim_{x \rightarrow \infty} \frac{x}{f(x)}$

13. $f(x)$ функциясы үшін интегралдық қосындының дұрыс жазылуын көрсетіңіз.

A) $\sum_{i=0}^{n-1} M_i \Delta x_i$

B) $\sum_{i=0}^{n-1} m_i \Delta x_i$

C) $\sum_{i=0}^{n-1} M_i \Delta x_i + \sum_{i=0}^{n-1} m_i \Delta x_i$

D) $\sum_{i=0}^{n-1} f(x_i) \Delta x_i$

E) $\sum_{i=0}^{n-1} f(\xi_i) + \Delta x_i$

14. $y = f(x)$ теңдеуімен берілген қисықтың $a \leq x \leq b$ аралығындағы доғасының ұзындығын есептеу формуласын көрсетіңіз.

A) $\int_a^b \sqrt{1 + f^2(x)} dx$

B) $\int_a^b \sqrt{1 + f'(x)} dx$

C) $\int_a^b \sqrt{1 + f'^2(x)} dx$

D) $\int_a^b \sqrt{1 - f'^2(x)} dx$

E) $\int_a^b (1 + f'^2(x)) dx$

15. $y = f(x)$ қисығы, OX өсімен және $x = a$, $x = b$ түзулерімен шектелген фигураны өсінен айналдырғанда пайда болған фигураның көлемі неге тең?

A) $\int_a^b y^2(x) dx$

B) $\pi \int_a^b y'^2(x) dx$

C) $\int_a^b \sqrt{1 + y^2(x)} dx$

D) $2\pi \int_a^b xy(x) dx$

E) $\pi \int_a^b y^2(x) dx$

16. Анықталмаған интегралдарда бөліктеп интегралдау формуласының дұрыс жазылуын көрсетіңіз.

$$A) \int_a^b u dv = uv \Big|_a^b - \int_a^b v du$$

$$B) \int u v dx = uv - \int v dx$$

$$C) \int u dv = uv - \int v du$$

$$D) \int u v dx = uv - \int v du$$

$$E) \int u dv = uv + \int v du$$

17. Анықталған интегралдарда бөліктеп интегралдау формуласының дұрыс жазылуын көрсетіңіз.

$$A) \int_a^b u dv = auv \Big|_a^b - \int_a^b v du$$

$$B) \int u v dx = uv - \int v dx$$

$$C) \int u dv = uv - \int v du$$

$$D) \int_a^b u dv = uv \Big|_a^b - \int_a^b v du$$

$$E) \int_a^b u dv = uv \Big|_a^b + \int_a^b v du$$

18. Функцияның берілу тәсілдерінің дұрыс емесін көрсетіңіз.

A) аналитикалық тәсіл

B) кестелік тәсіл

C) графикалық тәсіл

D) сөзбен берілуі

E) диаграммалық тәсіл

19. $\rho = \rho(\varphi)$ тендеуімен берілген қисықтың $\alpha \leq \varphi \leq \beta$ аралығына сәйкес доғасының ұзындығын есептеңіз.

$$A) \int_a^b \sqrt{\rho^2(\varphi) - \rho'^2(\varphi)} d\varphi$$

$$B) \int_a^b \sqrt{1 + \rho'^2(\varphi)} d\varphi$$

$$C) \int_a^b \sqrt{\rho^2(\varphi) + \rho'^2(\varphi)} d\varphi$$

$$D) \int_{\alpha}^{\beta} \sqrt{\rho^2(\varphi) + 1} d\varphi$$

$$E) \int_{\alpha}^{\beta} \sqrt{\varphi^2(\rho) + \rho'^2(\varphi)} d\varphi$$

20. Егер $\lim_{n \rightarrow \infty} x_n = A$, $\lim_{n \rightarrow \infty} y_n = B$ болса, онда

$$A) \lim_{n \rightarrow \infty} (x_n - y_n) = A + B$$

$$B) \lim_{n \rightarrow \infty} (x_n \cdot y_n) = \frac{A}{B}$$

$$C) \lim_{n \rightarrow \infty} (C \cdot x_n) = C + A, \quad C \text{ -тұрақты}$$

$$D) \lim_{n \rightarrow \infty} (x_n - y_n) = A + B$$

$$E) \lim_{n \rightarrow \infty} \frac{x_n}{y_n} = \frac{A}{B}, \quad B \neq 0$$

21. Егер $\lim_{x \rightarrow x_0} f(x) = f(x_0)$ теңдігі орындалса, онда $f(x)$ функциясы

x_0 нүктесінде ... функция деп аталады.

A) үзілісті

B) үзіліссіз

C) өспелі

D) кемімелі

E) өспейтін

22. Анықталмаған интеграл үшін төмендегі теңдіктердің қайсысы дұрыс емес?

